

---

**Баспасөз хабарламасы**

*Нұр-Сұлтан қ., 22 қаңтар 2020 жыл*

**«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2020 жылдың қаңтар айына мұнай жеткізу кестесіне түзетулер енгізгені туралы хабарлайды**

2020 жылдың 16 қаңтарында «ҚазТрансОйл» АҚ магистральды мұнай құбырлары жүйесіне «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-нан мұнай қабылдау кезінде мұнай сапасын сараптау нәтижелеріне сай 204°C дейін қайнайтын фракцияда хлороорганикалық қоспалардың шамадан тыс екендігі анықталды.

Сол күні «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» акционерлік қоғамымен тапсырылатын мұнай сапасына қатысты сұрақтарды шешу үшін мұнай қабылдау тоқтатылды.

2020 жылдың 22 қаңтардағы жағдай бойынша «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-нан мұнай қабылдау үрдісі қайта қалпына келтірілмеді. «ҚазТрансОйл» АҚ магистральды мұнай құбыры жүйесіне таза мұнайды тапсыру үшін «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ резервуар әзірлеуде.

Магистральды мұнай құбырлары жүйесі бойынша экспорт пен ҚР МӨЗ-на тасымалданатын мұнай көлемінің төмендеуіне байланысты ҚР Энергетика министрлігі 2020 жылдың қаңтар айына мұнай жеткізу кестесіне түзетулер енгізді. Оның ішінде, Қытай бағыты бойынша қазақстандық өндірушілермен тасымалданатын мұнай экспорты төмендеді.

Босаған көлемдер ПҚОП жүктеу үшін қайта бағытталды. Сонымен қатар, ПМӨЗ жүктеу кестесі де өзгертілді.

Бүгінгі таңда магистральды мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнай тасымалы түзетілген кестеге сай жүзеге асуда.

**Анықтама**

*«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ҚР ұлттық операторы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбыры желісіне иелік етеді. «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілері Шымкентте, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Ақтөбе облыстарында орналасқан. 5 бағыт бойынша қазақстандық мұнай өндіру зауыттарына және экспортқа мұнай тасымалдайды: «Атырау – Самара» және «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырлары, Ақтау порты (танкерге мұнай құю), темір жол (цистерналарға құю), ҚҚЖ жүйесіне ауыстырып тиеу.*

**«ҚазТрансОйл» АҚ жұртшылықпен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті**



“ҚазТрансОйл”  
акционерлік  
қоғамы

Акционерное  
общество  
“КазТрансОйл”

“KazTransOil”  
Joint Stock  
Company

---